- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.



## ІСКЕ ҚОЛДАНУҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ



Құрылғыны жуғыш зат, шаң, тағам қалдықтары т.с.с. зат ластаса, ашаны розеткадан суырыңыз да, кір жуғыш машинаны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз.

- Бұлай істемегенде, құрылғының өңі кетіп, деформациялануы не бүлінуі не тоттануы мүмкін.

Қатты соққы тисе алдыңғы шынысы сынып қалуы мүмкін. Кір жуғыш машинаны қолданған кезде абай болыңыз.

- Шыны сынып қалса, адамды жарақаттауы мүмкін.

Су құйылмай қалса немесе су құятын түтікті қайта жалғаған кезде, судың шүмегін баяу ашыңыз.

Судың шүмегін құрылғыны ұзақ уақыт қолданбай барып іске қосқанда байқап ашыңыз.

- Су құятын түтіктегі немесе су құбырындағы ауаның қысымы, құрылғының бөлшегіне зақым келтіруі немесе су ағып кетуге себеп болуы мүмкін.

Жұмыс істеп тұрған кезде су төгілсе, су төгуге қатысты ақаулықтың бар-жоғын тексеріңіз.

- Су төгіліп, құрылғы суда қалған кезде оны іске қоссаңыз, электр тоғы таралып, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

Кірді салған кезде есікке қысылып қалмайтын етіп, барабанға әбден салу керек.

- Егер кір есікке қыстырылып қалса, киімге немесе кір жуғыш машинаға нұқсан келуі немесе су ағуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаны қолданбаған кезде, су шүмегінің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Су құятын түтіктің жалғастырғышының бұрандасының тиісінше қатайтылғанын тексеріңіз.
- Бұлай істемеген жағдайда, мүлікке зиян келуі не адам жарақаттануы мүмкін.

Резеңке тығыздағыш пен алдыңғы есікті ешбір бөгде зат (қоқыс, жіп, шаш т.с.с.) ластап тастамауын қамтамасыз етіңіз.

- If a foreign substance is caught in the door or the door is not completely closed, it may cause a water leakage.

Судың шүмегін ашыңыз да, су құятын түтіктің жалғастырғышының әбден қатайтылғанын және құрылғыны қайта қолданар алдында еш су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.

- Егер бұрандалар немесе су құятын түтіктің жалғастырғышы босап тұрса, су ағып кетуі мүмкін.

# қауіпсіздік туралы ақпарат

Құрылғының үстіне шықпаңыз немесе оның үстіне зат (мысалы, кір, жанып тұрған шамшырақ, тұтатылған темекі, ыдыс-аяқ, химиялық заттар, металл заттар т.с.с.) қоймаңыз.

- Бұның нәтижесінде электр, өрт қатері орын алып, құрылғыға нұқсан келуі не адам жарақаттануы мүмкін.

Құрт-құмырысқаларды құртуға арналған бүріккіш тәрізді тұтанғыш заттарды құрылғыға шашпаңыз.

- Бұндай заттар адам үшін ғана қауіпті емес, электр қатерін тудыруы, өрт шығаруы, құрылғыға нұқсан келтіруі мүмкін.

Кір жуғыш машинаға электрмагнитті өріс шығаратын заттарды жақын қоймаңыз.

- Дұрыс жұмыс істемей, адам жарақат алуы мүмкін.

Жоғары температуралы жуу не кептіру кезінде төгілген су ыстық болатындықтан, суға қол тигізбеңіз.

- Күйіп қалуыңыз немесе жарақат алуыңыз мүмкін.

Су өткізбейтін көрпеше, төсем немесе киімдерді (\*), құрылғыңызда бұндай заттарды жууға арналған арнайы бағдарлама болмаса жумаңыз.

- Қалың, қатты матрацтарды, затбелгісінде "машинамен жууға болады" деп көрсетілсе де жумаңыз.
- Қалыптан тыс дiрiлдеудiң есерiнен кiр жуғыш машинаға, қабырғаға не еденге немесе киiмге нұқсан келуi мүмкiн.

\* Жүн матадан жасалған төсек жабдықтары, жаңбыр жамылғысы, балықшы күртешесі, шаңғышы шалбары, жол төсек, жаялық, терлеуге, велосипед, мотоцикл, машинаны т.с.с. жабуға арналған жамылғылар.

Кір жуғыш машинаны жуғыш зат салынатын қорапшасы алынып тұрса іске қоспаңыз.

- Аққан судың есерінен электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.

Кептіріп жатқанда немесе кептіріп бола сала барабанның ішіне қолыңызды тигізбеңіз.

- Күйіп қалуыңыз мүмкін.

Жуғыш зат қорапшасын ашқаннан кейін, оған қолыңызды салмаңыз.

- Жуғыш затты қосатын құралға қолыңыз қыстырылып қалып, жарақат алуыңыз мүмкін. Кір жуғыш машинаға жуылатын кірден басқа затты (мысалы, аяқ киім, тағамның қалдығы, жануарлар) салмаңыз.
- Себебі кір жуғыш машинаға зақым келуі, егер жануарларды салсаңыз, олар қалыптан тыс айналдыру себебінен жарақат алуы не өліп қалуы мүмкін.

Түймешіктерді түйреуіш, пышақ, тырнақ т.с.с. өткір затпен баспаңыз.

- Электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.

Иіс май дүкендерінде сатылатын не массаж салондарында қолданылатын май, крем немесе лосьон тәрізді заттар ластаған кірлерді жумаңыз.

- Себебі резеңке тығыздағыш деформацияланып, су ағып кетуге әкелуі мүмкін.

Түйреуіш немесе шаш түйреуіші тәрізді темір заттарды не ағартқышты ұзақ уақыт барабан ішінде қалдырмаңыз.

- Барабанды тот басуы мүмкін.
- Егер барабанның бетінде тот пайда болса, оған шайғыш заттан (бейтарап) жағып, жекемен тазалаңыз. Ешқашан темір шөткені қолданбаңыз.

Құрғақ жуғыш затты ешқашан тура қолданбаңыз және құрғақ жуғыш зат тұрып қалған киімдерді жумаңыз, шаймаңыз не айналдырмаңыз.

Себебі майдың оксидтенуіне байланысты кенет жарылыс шығуы немесе тұтануы мүмкін.

Су салқындататын/қыздыратын құрылғылардың ыстық суын қолданбаңыз.

- Кір жуғыш машинада ақау пайда болуы мүмкін.

Кір жуғыш машинада табиғи қол сабынды қолданбаңыз.

- Егер батталып, кір жуғыш машина ішінде жиналып қалса, құрылғыда ақау пайда болуы, не оның өңі кетуі, тот басуы не жағымсыз иіс шығуы мүмкін.

Төсек жайма тәрізді үлкен заттарды торға салып жумаңыз.

- Нәски, төс тартқыш тәрізді заттарды торға салып, басқа киімдерге қосып жуыңыз.
- Бұлай істемеген жағдайда, қалыптан тыс дірілдеу, адамның жарақаттануына себеп болуы мүмкін.

Қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз.

- Егер кір жуғыш машина ішіне тұрып қалса, су ағып кетуі мүмкін.

Желдеткіш саңылаулары табанында орналасқан кір жуғыш машиналардың, табанындағы желдеткіш саңылауларын, кілем не басқа заттар бөгеп тастамағанын тексеріңіз.

Жуылатын киімдердің барлығының қалталарының бос екеніне көз жеткізіңіз.

- Тиын, түйреуіш, тырнақ, бұранда немесе тас тәрізді қатты, өткір заттар құрылғыға аса қатты зиян келтіруі мүмкін.

Үлкен қапсырмасы, түймесі бар немесе ауыр темір зат тағылған киімдерді жумаңыз.



## ТАЗАЛАУҒА ҚАТЫСТЫ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУЛЕР



Құрылғыға тура су шашып тазалауға болмайды.

Құрылғыны бензол, сұйылтқыш немесе спиртпен тазаламаңыз.

- Себебі, құрылғының түсі кетіп, деформацияланып, бүлініп немесе электр қатері орын алуы, өрт шығуы мүмкін.

Тазалау немесе жөндеу жұмыстарын орындар алдында, құрылғыны розеткадан ажыратыңыз.

- Бұлай істемеген жағдайда, электр қатері орын алуы немесе өрт шығуы мүмкін.

# МАЗМҰНЫ

## КІР ЖУҒЫШ МАШИНА ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

13

## КІР ЖУУ

21

## КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ОҒАН КҮТІМ КӨРСЕТУ

32

## АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТ КОДТАРЫ

37

## ЦИКЛ КЕСТЕСІ

39

## ҚОСЫМША

40


- 13 Жинақтың толықтығын тексеру
- 14 Орнатуға қойылатын талаптарды орындау
- 14 Электр қосылымы және жерге қосу
- 14 Сумен жабдықтау
- 15 Суды төгу
- 15 Еденге орналастыру
- 15 Бөлме температурасы
- 15 Ұя ішіне не шкафқа орнату
- 15 Кір жуғыш машинаны орнату
- 21 Ең алғаш рет кір жуу
- 21 Негізгі нұсқаулар
- 22 Басқару панелін қолдану
- 24 Эко бейнебеті (таңдаулы СКБ үлгілерде)
- 25 Бала қауіпсіздігінің құралы
- 25 Үнділікті ажырату
- 26 Кешіктіріп аяқтау
- 26 Таңдаулы цикл
- 27 Эко көпіршік функциясы
- 28 Киімдерді цикл таңдау тетігін қолданып жуу
- 29 Кірді қолмен жуу
- 29 Кір жуу туралы кеңес
- 30 Жуғыш зат және қосымша заттар туралы ақпарат
- 30 Қолдануға болатын жуғыш заттар
- 31 Жуғыш зат үлестіргіш
- 31 Сұйық жуғыш зат (кей үлгілерде)
- 32 Эко барабан тазалау бағдарламасы
- 33 Кір жуғыш машина суын тосын жағдайда төгу
- 34 Қоқыс сүзгісін тазалау
- 34 Корпустың сыртын тазалау
- 35 Жуғыш зат үлестіргіш пен үлестіргіш ұясын тазалау
- 35 Су түтігінің торкез сүзгісін тазалау
- 36 Мұздап қалған кір жуғыш машинаны жөндеу
- 36 Кір жуғыш машинаны сақтау
- 37 Келесі жағдайларда мыналарды тексеріңіз...
- 38 Ақпарат кодтары
- 39 Цикл кестесі
- 40 Матаға күтім көрсету кестесі
- 40 Қоршаған ортаны қорғау
- 40 Сәйкестік декларациясы
- 41 Техникалық сипаттама

# кір жуғыш машина параметрлерін орнату

Құрылғыны орнатушының, кір жуғыш машина мінсіз жұмыс істеп, кір жуатын кезде адамға еш қатер төнбес үшін төмендегі нұсқауларды мұқият орындауын қадағалаңыз.

## ЖИНАҚТЫҢ ТОЛЫҚТЫҒЫН ТЕКСЕРУ

Кір жуғыш машинаны абайлап орамынан шығарыңыз және жинақта келесі көрсетілген бөлшектердің барлығының болуын тексеріңіз. Кір жуғыш машинаға тасымалдау барысында нұқсан келсе, немесе бөлшектері толық жеткізілмесе, Samsung тұтынушыға қызмет көрсету орталығына немесе Samsung дилеріне хабарласыңыз.



Гайка кілті



\* Болт саңылауының қақпақшасы



Суық


Су құятын түтік



Ыстық  
(кей үлгілерде)



Түтік  
бағыттағышы



Сұйық жуғыш  
зат қорапшасы  
(кей үлгілерде)



\* Болт саңылауының қақпақшасы : Болт саңылауының қақпақшаларының саны, үлгіге байланысты (3~6 қақпақша).

# кір жуғыш машина параметрлерін орнату

## ОРНАТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ ОРЫНДАУ

### Электр қосылымы және жерге қосу



Ешқашан ұзартқыш сымды қолданбаңыз.

Тек кір жуғыш машинамен бірге жеткізілетін қуат сымын ғана қолданыңыз.

Орнатуға дайындалу барысында, қуатпен жабдықтау параметрлерін тексеріңіз:

- АТ 220-240В / 50Гц сақтандырғыш немесе айырып-қосқыш
- Тек кір жуғыш машинаның өзіне арналған жеке желі құралын қолданыңыз

Кір жуғыш машинаңызды жерге қосу керек. Егер машинаңыз сынып немесе жұмыс істемей қалса, жер қосылымы, электр тоғының ағымына ең төмен деңгейде қарсы тұруға көмектесіп, электр қатерінен сақтандырады.

Кір жуғыш машинаңыз, жерге дұрыс қосылған розеткаға сұғуға арналған, үш істікшелі жерге қосылатын ашамен жабдықталған.



Жерге қосылатын сымды ешқашан пластик құбыр жүйесіне, газ жүйесіне не ыстық су құбырына жалғамаңыз.

Құрылғыны жерге қосатын өткізгіш дұрыс жалғанбағанда электр қатері орын алады.

Кір жуғыш машинаның жерге дұрыс қосылғанына көзіңіз жетпесе, білікті электрші немесе қызмет көрсету маманына хабарласыңыз. Кір жуғыш машинамен бірге жеткізілген ашаны өзгертпеңіз.

Егер ол розеткаға сай келмесе, электр маманын шақыртып, сай келетін розетка орнаттырып алыңыз.

### Сумен жабдықтау

Судың қысымы 50 кПа ~ 800 кПа болған кезде кір жуғыш машинаға су дұрыс толады. Судың қысымы 50 кПа мәнінен аз болса, судың тығырығы жұмыс істемей, толық жабылмай қалуы мүмкін.

Немесе, кір жуғыш машинаға басқару құралдарының су өткізгіштік қарқынына қарамай, су баяу құйылуы, нәтижесінде кір жуғыш машина сөніп қалуы мүмкін. (Су құю аяқталатын уақыт, басқару құралдарына кіріктірілген ішкі түтікше босап кетсе, су тасып/ағып кетпес үшін қажет.)

Су шүмектеріне машинамен бірге жеткізілген су құятын түтіктер жетуі үшін, олар кір жуғыш машинаның арт жағынан 120см-ден қашық емес жерде орналасуға тиіс.



Құбыр жүйесіне арналған тауарлар сатылатын дүкендердің көпшілігінде, ұзындығы 305 см дейінгі, су құятын әр түрлі түтіктер сатылады.

Су жылыстап ағу немесе тегіліп қалудың алдын алу үшін мына шараларды орындауыңызға болады:

- Су шүмектерін қол оңай жететін жерге орналастыру.
- Кір жуғыш машинаны іске қоспаған кезде шүмектерді жауып қою.
- Су құятын түтіктің тетіктерінен су ағып тұрған-тұрмағанын уақытылы тексеріп отыру.



Кір жуғыш машинаңызды ең алғаш іске қосардың алдында, су тығырығы мен шүмектеріндегі тетіктердің барлығын тексеріп, су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз.



## Суды төгу

Samsung биіктігі 65см тік құбырды қолдануды ұсынады. Су төгетін түтікті, су төгетін түтіктің қапсырмасын қолдана отырып, тік құбыр арқылы өткізу керек. Тік құбыр су төгетін түтіктің сыртқы диаметрі сиятындай кең болуға тиіс. Су төгетін түтік зауытта құрылғыға орнатылады.

## Еденге орналастыру

Кір жуғыш машинаны барынша тиімді жұмыс жасауы үшін қатты еденге қою керек. Ағаш еденге қойған кезде, діріл мен/не кірдің теңгерімі дұрыс сақталуы, оны қосымша бекіту керек. Кір жуғыш машинаны кілем немесе жұмсақ тақта төселген еденге қойған кезде, машина дірілдеуі немесе айналдыру циклі кезінде ақырын жылжуы мүмкін.

Кір жуғыш машинаны ешқашан тағанның үстіне немесе бос тұрған төсемге қоймаңыз.

## Бөлме температурасы

Кір жуғыш машинаны су қатып қалуы мүмкін жерге қоймаңыз, себебі кір жуғыш машинаның су тығырығында, сорғысы мен түтіктерінің маңында сөл су қалып отырады. Мұздап қалған су таспалар мен, сорғыға, және басқа да құралас бөлшектерге зиян келтіреді.

## Ұя ішіне не шкафқа орнату

Қауіпсіз әрі тиісті түрде жұмыс істеуі үшін, жаңа жуғыш машинаңызды мына қашықтықтарды сақтап орнатуыңыз керек:

Жан-жағынан – 25 мм

Арт жағынан – 50 мм

Үстінен – 25 мм

Алдынан – 465 мм

Егер кір жуғыш машина мен келтірілгенді қатар орнатсаңыз, ұяның немесе шкафтың алдыңғы жағында кем дегенде 465 мм ауа кіретін бос орын болуға тиіс. Кір жуғыш машинаның бір өзін жеке орнатсаңыз, ауа кіруге арналған бос орын қажет жоқ.

## КІР ЖУҒЫШ МАШИНАНЫ ОРНАТУ

### 1-ші қадам

#### Орналастыратын жерді таңдау



Кір жуғыш машинаны орнатардың алдында, қойылатын жерді тексеріңіз:

- Қатты, тегіс, желдетуге кедергі келтіретін кілем немесе еден орнатылмаған болуы керек
- Күн сәулесі тура түсетін жерден алыс болуға тиіс
- Жеткілікті түрде желдетілетін болуы керек
- Мұздамайтын жерде тұруға тиіс (0 °C градустан төмен)
- Мұнай не газ тәрізді жанғыш заттардан алыс болуы керек
- Кір жуғыш машинаны қуат сымын басып қалмайтын етіп орнату үшін орын жеткілікті болуға тиіс


# кір жуғыш машина параметрлерін орнату

## 2-ШІ ҚАДАМ


### Тасымалдау тетіктерін алу

Кір жуғыш машинаны орнатар алдында, арт жағындағы тасымалдау үшін қолданылған шегелердің барлығын алу керек.


1. Жинақпен бірге келген кілтпен шегелердің барлығын босатыңыз.



2. Шегені гайка кілтімен ұстап тұрыңыз да, саңылаудың кеңірек бөлігінен өткізіп, тартып шығарыңыз. Шегенің әрбірін осы қадамды қайталап алыңыз.



3. Саңылауларды жинақпен бірге жеткізілген пластик қақпақтармен жабыңыз.




4. Тасымалдау шегелерін кір жуғыш машинаны кейін көшіру қажет болған жағдайда қолдану үшін сақтап қойыңыз.



Орам материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін; орам материалдарының барлығын (пластик қалта, полистирол т.с.с.) балалардың қолы жетпейтін жерге сақтап қойыңыз.


### 3-ШІ ҚАДАМ

#### Өзгермелі тіректі реттеу


 Кір жуғыш машинаны орнатқан кезде ашаға, су құятын және төгетін түтіктерге қол оңай жететініне көз жеткізіңіз.

1. Кір жуғыш машинаны орнына сырғытып апарыңыз.

2. Кір жуғыш машинаның деңгейін, өзгермелі тіректі қажетінше ішке не сыртқа бұрау арқылы реттеңіз.



3. Кір жуғыш машинаның деңгейін реттегеннен кейін, жинақпен бірге жеткізілген кілтті қолданып гайкаларды қатайтыңыз.




### 4-ШІ ҚАДАМ


#### Су құятын және төгетін түтіктерді жалғау

##### Су құятын түтікті жалғау

1. Суық су түтігіне арналған L-пішімді тетікті алып, оны машинаның артындағы суық су құйылатын жерге жалғаңыз. Қолыңызбен қатайтыңыз.

 Су құятын түтіктің бір ұшын машинаға жалғап, екінші ұшын судың шүмегіне жалғау керек. Су құятын түтікті созбаңыз. Егер түтік тым қысқа болса, орнына ұзынырақ, жоғары қысымға арналған түтікті салыңыз.

2. Суық су құятын түтіктің екінші ұшын раковинадағы суық судың шүмегіне жалғаңыз да, қолыңызбен қатайтыңыз. Егер қажет болса, кір жуғыш машинадағы су құятын түтіктің ұшындағы тетікті босатып, түтікті айналдыра отырып, қайта орналастырып, тетігін қайта қатайтуыңызға болады.



**Кей үлгілерде ыстық суға арналған қосымша мүмкіндік бар:**

1. Ыстық су түтігіне арналған қызыл L-пішімді тетікті алып, оны машинаның артындағы ыстық су құйылатын жерге жалғаңыз. Қолыңызбен қатайтыңыз.
2. Ыстық су құятын түтіктің екінші ұшын раковинадағы ыстық судың шүмегіне жалғаңыз да, қолыңызбен қатайтыңыз.
3. Егер тек суық суды пайдаланғыңыз келсе Y-тетігін қолданыңыз.


# кір жуғыш машина параметрлерін орнату

## Су құятын түтікті жалғау


1. Су құятын түтіктегі адаптерді алыңыз.




2. Әуелі, '+' тәрізді ұштығы бар бұрағышты қолданып, адаптердің төрт бұрандасын босатыңыз. Содан кейін адаптерді алып, көрсеткі бағытымен (2) тетігін, 5 мм орын пайда болғанша бұраңыз.




3. Адаптерді жоғары қаратып ұстаған қалпы, су шүмегіне бұрандаларды қатты қатайтып бекітіңіз. (2) тетігін, көрсеткі бағытымен бұрап, (1) және (2) тетіктерін жалғаңыз.




4. Су құятын түтікті адаптерге жалғаңыз. (3) тетігін босатқан кезде, түтік адаптерге автоматты түрде 'сырт' етіп жалғанады.

-  Су құятын түтікті адаптерге жалғап болғаннан кейін, оның дұрыс жалғанғанын су құятын түтікті төмен тартып тексеріңіз.




5. Су құятын түтіктің екінші ұшын, кір жуғыш машинаның артында орналасқан су құятын тығырыққа жалғаңыз. Түтікті сағат бағыты бойынша шегіне дейін бұраңыз.




6. Суды қосып, су тығырығынан, шүмектен немесе адаптерден су ақпай тұрғанын тексеріңіз. Су ағып кетсе, алдыңғы қадамдарды қайталаңыз.



ЕСКЕРТУ Су ағып тұрса, кір жуғыш машинаны қолданбаңыз. Себебі электр қатері орын алуы не адам жарақаттануы мүмкін.



- Егер судың шүмегі бұрама шүмек болса, су құятын түтікті шүмекке көрсетілгендей жалғаңыз.




Су құю үшін стандартты шүмекті қолданыңыз. Егер шүмек төртбұрыш пішінді немесе тым үлкен болса, тығыздағыш шығырықты шүмекті адаптерге кіргізбей тұрып алыңыз.

### Аква түтігін жалғау (кей үлгілерде)

Аква түтігі су ағудан сақтандыру үшін шығарылған тамаша құрал.

Ол су құятын түтікке жалғастырылған және түтікке зақым келген жағдайда, суды автоматты түрде тоқтатады. Сонымен қатар ескерту индикаторын көрсетеді.

- Су құятын түтікті шүмекке суретте көрсетілгендей жалғаңыз.




# кір жуғыш машина параметрлерін орнату

## Су төгетін түтікті жалғау


Су төгетін түтіктің ұшын үш түрлі тәсілмен жалғауға болады:

1. **Ваннаның жиегінен асыра іліп қою:** Су төгетін түтікті 60 және 90 см аралығындағы биіктікте орнату керек. Су төгетін түтіктің ұшы иіліп тұру үшін, жинақпен бірге жеткізілген пластик түтік бағыттағышты қолданыңыз. Су төгетін түтік жылжып кетпес үшін, бағыттағышты қабырғаға ілмек арқылы бекітіңіз немесе шүмекке сыммен байлаңыз.
2. **Раковинаның су төгетін түтігінің тармағына бекіту:** Су төгетін түтіктің ұшы жерден кем дегенде 60 см жоғары тұру үшін, су төгетін түтіктің тармағын раковина сифонынан биік орналастыру керек.



3. **Су төгетін құбыр ішінде:** 65 см биік, тік құбырды қолдануды ұсынамыз; ол 60 см-ден қысқа және 90 см-ден ұзын болмауға тиіс.

- Тік су құбырының;
- минимум диаметрі 5 см болуға тиіс.
  - ең аз өткізгіштігі минутына 60 литр болуға тиіс.



## 5-ШІ ҚАДАМ

### Кір жуғыш машинаны электроға қосу

Қорек сымның ашасын 220-240В / 50Гц АТ, сақтандырғыш немесе айырып-қосқышы бар қабырғадағы розеткаға жалғаңыз. (Электр және жер қосылымы туралы қосымша ақпаратты 14-ші беттен қараңыз.)

## 6-ШЫ ҚАДАМ

### Тілді таңдаңыз (таңдаулы СКБ үлгілері)



Параметрді орнатуды бастаған кезде (тоққа қосқаннан кейін), бейнебетте "Тіл параметрі" жазу көрсетіледі. Ағылшын, француз, дат, неміс, итальян немесе испан (поляк, орыс, түрік, қытай немесе тай) тілдерінің бірін таңдай аласыз.

\* Тілді таңдау жолдары үлгі түрлеріне қарай өзгеруі мүмкін.

1. Тілді таңдау үшін шаю параметрін басыңыз.
2. Таңдаған тілді орнату үшін Айналдыру түймешігін басыңыз.

- Тілді қайта таңдау үшін Шаю және Айналдыру түймешіктерін 3 секунд қатар басыңыз.


- СКБ тілі құрылғы үлгісінің түріне қарай әр түрлі болуы мүмкін.




# кір жуу


Жаңа Samsung кір жуғыш машинасын қолданғанда, тек кірдің қайсысын қайсысынан кейін жуу керек деген мәселеден басқа ешбір мәселе қалмайды.

## ЕҢ АЛҒАШ РЕТ КІР ЖУУ

 Ең алғаш рет кір жууды бастар алдында, бос циклді (ешбір кір салмай) орындау қажет.


1. **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
2. Жуғыш зат тартпасындағы бөлікке **II** аздаған жуғыш заттан салыңыз.
3. Кір жуғыш машинаға су құйыңыз.
4. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

 Бұл зауытта өткізілген сынақ кезінде машинада қалып қою мүмкін суды кетіреді.



**Бөлік II:** Алдын ала жуғыш зат, немесе крахмалға арналған.


**Бөлік III:** Негізгі жуу цикліне арналған жуғыш затқа, суды жұмсартқышқа, алдын ала жұмсартқыш затқа, крахмал және дақ кетіргішке арналған.


 Сұйық жуғыш затты қолдану үшін сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаны (тиісті үлгілерді нұсқаулықтың 31-ші бетінен қараңыз) қолданыңыз. Сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаға ұнтақ жуғыштарды салмаңыз.

**Бөлік III:** Қосымшаларға, мысалы мата жұмсартқыш немесе қалыптастырғышқа арналған (астыңғы жиегінен асырмаңыз, "A"-нің (MAX))

## НЕГІЗГІ НҰСҚАУЛАР

1. Кірді кір жуғыш машинаға салыңыз.



 Кір жуғыш машинаны шамадан тыс толтырмаңыз. Өр кірдің салынатын мөлшерін 30-шы беттегі кестеден қараңыз.

-  • Кір машина есігіне қыстырылып қалмасын, себебі су ағып кетеді.
  - Жуу циклі аяқталғаннан кейін, жуғыш зат алдыңғы жақтағы резеңке бөлікке тұрып қалуы мүмкін. Жуғыш заттың қалдығын тазалаңыз, себебі су ағуы мүмкін.
  - Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда немесе қызып тұрғанда есіктің шынысына қол тигізбеңіз.
  - Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда жуғыш зат үлестіргішті немесе қоқыс сүзгісін ашлаңыз, ыстық су немесе бу шалып кетуі мүмкін.
  - Су өткізбейтін заттарды, сыртқы киімдерге күтім көрсетуге арналған бағдарламадан басқа қалыпты цикл бойынша жумаңыз.
2. Есікті әбден жабыңыз.
  3. Қуатты қосыңыз.
  4. Жуғыш зат пен қосымшаларды үлестіргіш қорапшаға салыңыз.
  5. Кірге лайық цикл мен параметрлерді таңдаңыз.  
Жуу индикаторының шамы жанады да, бейнебетте циклдің уақыты есептеліп көрсетіледі.
  6. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.



# кір жуу

## БАСҚАРУ ПАНЕЛІН ҚОЛДАНУ

LCD Type




LED Type



### 1 ЦИКЛДІ ТАҢДАУ ТЕТІГІ

Циклдің кептіру режимі мен айналдыру жылдамдығын таңдаңыз.


 Қосымша ақпаратты “Кімдерді цикл таңдау тетігін қолданып жуу” тарауынан қараңыз. (28-ші бетті қараңыз)

**Хлопок (Мақта мата)** - Орташа немесе жеңіл кірлеген мақта мата, төсек жаймасы, үстел жапқыш, іш киім, сүлгі, жеіде т.с.с. арналған.

**Синтетика (Синтетика)** - Орташа немесе шамалы кірлеген блуза, жеіде т.с.с. полиэфир (диолен, тревира), полиамид (перлон, нейлон) не басқа талшықтардан жасалған заттарға арналған.

**Джинсы (Джинс)** - Негізгі жуу және қосымша шаю циклдерінде киімге дақ қалдыратын жуғыш зат қалып қоймас үшін, судың деңгейі жоғарырақ болады.

**Постельное белье (Төсек жабдығы)** - Көрпе қап, ақжайма, көрпе жапқыш т.с.с.

 Жуу нәтижесі жақсы болу үшін 1 тектес төсек жабдықтарды 2.5 кг-ға жеткізбей жуу керек.

**Темные вещи (Баран киімдер)** - Баран түсті киімдерді баппен жуып, мұқият шаю үшін қосымша шаю циклдері мен азайтылған айналдыру циклі орындалады.











**Ежедневная стирка (Күнделікті жуу)** - Күнделікті киілетін іш киім және жеіде терізді заттарды жуу үшін қолданыңыз.

**Очистка барабана Есо (Эко Таза Барабан)** - Барабанды тазалау үшін қолданыңыз. Бұл барабанның кірі мен бактериясын тазалайды. Уақытылы қолдануды (40 рет кір жуғаннан кейін) ұсынамыз. Жуғыш зат не ағартқыш қолдану қажет емес.


**Интенсивная Есо (Супер Эко жуу)** - Төмен температурадағы Eco Bubble функциясы, қуатты тиімді түрде үнемдей отырып, тамаша нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі.

**Верхняя одежда (Сырт киімге күтім көрсету)** - Тауға шығуға, шаңғы тебуге және спортқа арналған сыртқы киімдерді жуу үшін қолданыңыз. Функциональдық технология негізінде жасалған спандекс, стреч, микро-талшық тәрізді маталар жатады.



	<p><b>Детские вещи (Балаға арналған)</b> - Жоғары температурада жуу мен қосымша шаю циклдері, жұқа киімдерде ешбір дақ қалмас үшін жуғыш заттарды әбден шаяды.</p> <p><b>Стирка шерсти (Жүн мата)</b> - Тек машинада жууға болатын жүн матаға арналған. Кірдің салмағы 2.0 кг-нан аз болуға тиіс.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жүн мата циклі кірді баппен шайқап жуу тәсілін қолданады. Жуу барысында жүн мата отырып / пішімін жоғалтып алмас үшін және әбден жуылу үшін, баппен шайқау және жібіту әрекеттері орындалады. Әрекетті ешбір қиындықсыз тоқтатуға болады.</li> <li>• Жуу нәтижесін жақсарту және жүн мата талшықтарына баппен күтім көрсету үшін жүн мата циклі үшін бейтарап жуғыш заттар қолданылады.</li> </ul> <p> Бұл машинаның жүн мата жуу циклі, Woolmark машинада жууға болатын жүн тоқыма заттарын, егер аталмыш заттар, бұйымның затбелгісіндегі нұсқауларға және осы пайдаланушы нұсқауларына сай жуылса, осы машинада жууға болады деп Woolmark тарапынан рұқсат алған. M1108 (I.W.S. Nominee Co., Ltd тарапынан берілген сертификат нөмірі.)</p> <p><b>Ручная стирка (Қолмен жуу)</b> - Киімді қолмен жуған тәрізді баппен жуатын, өте жеңіл цикл.</p> <p><b>Отжим (Айналыру)</b> - Суды барынша сығу үшін қосымша айналдыру циклдерін орындайды.</p> <p><b>Полоскание + отжим (Шаю + Айналыру)</b> - Тек шаюды қажет ететін кір үшін не мата жұмсартқышты шаю циклі кезінде қосу үшін қолданыңыз.</p>		
2	<p><b>СКБ / САНДЫҚ СЫЗБАЛЫ БЕЙНЕБЕТ</b></p> <p>Жуу циклінің соңына дейін қалған уақытты, циклге қатысты барлық ақпаратты және ақаулық кодтарын көрсетеді.</p>		
3	<p><b>ТЕМП. ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p> <p>Судың бар температураларын таңдау арқылы жуу үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз: (Суық су , 20 °C, 30 °C, 40 °C, 60 °C және 95 °C).</p>		
4	<p><b>ШАЮ ЦИКЛІН ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p> <p>Қосымша шаю циклдерін қосу үшін осы түймешікті басыңыз. Ең көбі бес шаю циклін қосуға болады.</p>		
5	<p>Айналыру циклінің жылдамдығына сай айналыру үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="397 853 1013 885"> <tr> <td>WF1124</td> <td>, , 400, 800, 1000, 1200, 1400 мин/айн</td> </tr> </table> <p>“<b>Айналырмау </b>” - Кір барабан ішінде қалады және суды соңғы рет төккеннен кейін айналыру циклі орындалмайды.</p> <p>“<b>Шаюды кідірту </b>” - Кір соңғы шаю циклінің суында жібітіліп тұрады. Кірді шығармай тұрып, Су төгу немесе Айналыру циклдерінің біреуін орындау керек.</p>	WF1124	 ,  , 400, 800, 1000, 1200, 1400 мин/айн
WF1124	 ,  , 400, 800, 1000, 1200, 1400 мин/айн		
6	<p>Параметрлердің бірін таңдау үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз: Жібіту → Қарқынды → Алдын ала жуу → Жібіту + Қарқынды → Жібіту + Алдын ала жуу → Қарқынды + Алдын ала жуу → Жібіту + Қарқынды + Алдын ала жуу → сөндіру</p> <p>“<b>Алдын ала жуу</b>”: Алдын ала жуу циклін таңдау үшін осы түймешікті басыңыз. Алдын ала жуу циклі тек мына бағдарламаларда ғана бар: Мақта мата, Синтетика, Джинс, Төсек жабдығы, Баран киімдер, Күнделікті жуу, Тамаша Эко жуу, Балаға арналған.</p> <p>“<b>Жібіту</b>”: Бұл функцияны кірдің дағын, кірді жібіту арқылы оңтайлы кетіру үшін қолданыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Жібіту функциясы жуу циклінде 13 минут орындалады.</li> <li>• Жібіту циклі 30 минут бойы алты цикл арқылы орындалады: жібіту циклі 1 минут бойы кірді айналдырады да, 4 минут қозғалыссыз тұрады.</li> <li>• Жібіту функциясы тек келесі жуу бағдарламаларында ғана жұмыс істейді: Мақта мата, Синтетика, Джинс, Төсек жабдығы, Баран киімдер, Тамаша Эко жуу, Балаға арналған.</li> </ul> <p>“<b>Қарқынды</b>”: Қатты кірлеген кірді қарқынды айналдырып жуу үшін осы түймешікті басыңыз. Өр циклде циклдің уақыты көбейе түседі.</p>		

# кір жуу

<p>7 <b>Есо Bubble ФУНКЦИЯСЫН ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Әдетте Eco Bubble параметрі сөніп тұрады. Eco Bubble функциясын ажырату үшін түймешікті бір рет басыңыз, сонда Көпіршік генераторы сөнеді (бейнебетте көрсетіледі), функцияны қайта қосу үшін түймешікті қайта басыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Кейбір жуу циклдерінде Eco Bubble функциясы ON қалпында (бейнебетте көрсетіледі, және генератор автоматты түрде іске қосылады) тұрға тиіс.</li><li>• Басқа жуу циклдері үшін бұл функция қажет емес, және генератор автоматты түрде OFF қалпына қойылады.</li><li>• Көпшілік циклдерде бұл параметрді қолдан қоюға болады, бұл жуу нәтижесіне қол жекізу үшін, бейнебетте көрсетіліп тұрған жуу цикліне әсер етеді (қосымша ақпарат 27-ші бетте).</li></ul>
<p>8 <b>ЖЕҢІЛ ҮТІКТЕУ ПАРАМЕТРІН ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Кірді жеңіл үтікелетін етіп дайындау үшін және айналдыру циклы кезінде қатты мыжылып қалмас үшін осы түймешікті басыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Жеңіл үтіктеу функциясы тек келесі жуу бағдарламаларында ғана жұмыс істейді: Мақта мата, Синтетика, Джинс, Төсек жабдығы, Баран киімдер, Күнделікті жуу, Тамаша Эко жуу, Балаға арналған</li><li>• Жеңіл үтіктеу функциясы таңдалған кезде айналдыру циклының жылдамдығын 800 мин/айн-ға дейін қоя аласыз. (Егер айналдыру циклының жылдамдығын 800мин/айн-нан жоғары мәнге қойып Easy Iron (Жеңіл үтіктеу) параметрін таңдасаңыз, айналдыру жылдамдығы автоматты түрде 800мин/айн-ға қойылады.)</li></ul>
<p>9 <b>ЖЫЛДАМ ЖУУ ФУНКЦИЯСЫН ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Шамалы кірлеген, 2кг-нан аз кірді тез жуу үшін қолдануға болады. Шамамен 15 минут орындалады, бірақ циклдің ұзақтығы судың қысымы, судың кермектігі, құйылатын судың температурасы, бөлме температурасы, кірдің түрі мен салмағы, кірдің деңгейі, қолданылған жуғыш заттар, теңгерімсіз салмақ, электр тогының ауытқуы және қосымша таңдалған параметрлерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>• Цикл уақытын таңдау үшін осы түймешікті қайта-қайта басыңыз: 15мин → 20мин → 30мин → 40мин → 50мин → 1сағ → Сөндіру</li></ul> <p> Ұнтақ/Сұйық жуғыш заттың мөлшері 20г-нан (2кг кір үшін) аз болуы керек, әйтпесе жуғыш зат киімге жұғып қалады.</p>
<p>10 <b>КЕШІКТІРІП АЯҚТАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Бұл түймешікті циклді Кешіктіріп аяқтау параметрлерін (3 сағаттан бастап 19 дейін, бір сағаттық қадаммен қойылады) қою үшін қайта-қайта басыңыз. Көрсетілген уақыт жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.</p>
<p>11 <b>БАСТАУ/ҮЗІЛІС ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Циклді үзіліске қою және қайта бастау үшін басыңыз.</p>
<p>12 <b>ТАҢДАУЛЫ ЦИКЛДІ ТАҢДАУ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Таңдаулы циклді, сонымен қатар температура, айналдыру, кірдің деңгейі, параметр т.с.с таңдауға арналған.</p>
<p>13 <b>ҚУАТ ТҮЙМЕШІГІ</b></p>	<p>Кір жуғыш машинаны іске қосу үшін бір рет басыңыз, сөндіру үшін қайта басыңыз. Кір жуғыш машинаның ешбір түймешігі 10 минуттан артық уақыт басылмай тұрса, қуат автоматты түрде сөнеді.</p>

## Эко бейнебеті (таңдаулы СКБ үлгілерде)


Егер Цикл таңдау түймешігін қолданбасаңыз немесе кез келген түймешікті алдын ала белгіленген уақыт бойы басып тұрсаңыз, бұл функция СКБ өндік жарығының жарықтылығын азайтады.

### Жұмыс істеу механизмі

Егер Бастау/Үзіліс түймешігін бассаңыз, Эко бейнебеті функциясы 1 минуттан кейін автоматты түрде іске қосылады.

Егер Цикл таңдау түймешігін қолдансаңыз немесе кез келген түймешікті бассаңыз, Эко бейнебеті функциясы біржола тоқтайды.

Эко бейнебеті функциясы, Цикл таңдау түймешігін қолданбасаңыз немесе түймешікті 1 минут ішінде баспасаңыз автоматты түрде басталады.

 Егер Бастау/Үзіліс түймешігі басылмаса, Эко бейнебет функциясы іске қосылмайды.



## Бала қауіпсіздігінің құралы

Бала қауіпсіздігінің құралы, таңдаған жуу цикліңіз өзгеріп кетпес үшін түймешіктерді құлыптап қоюға мүмкіндік береді.

### Қосу/Ажырату

Бала қауіпсіздігінің құралын қосуды немесе ажыратуды қаласаңыз, **Темп. (Темп.)** және **Rinse (Шаю)** түймешіктерін 3 секунд қатар басыңыз. Бұл функция қосылған кезде, "Бала қауіпсіздігінің құралы" жазуы жанады.

- ✍ Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы қосылған кезде тек **Вкл. (Қуат)** түймешігі жұмыс істейді. Бала қауіпсіздігінің құралы функциясы тіптен электртоғы өшіп қалып, қуат қайта қосылса немесе ажыраса, немесе қуат сымын ажыратып, қайта қосқаннан кейін де белсенді қалыпта тұра береді.





## Үнділікті ажырату

Үнділікті ажырату функциясын барлық цикл кезінде таңдауға болады. Бұл функцияны таңдаған кезде, үнділік барлық цикл кезінде өшіп тұрады. Тіптен қуат үздіксіз қосылып, сөніп тұрса да, параметр өз орнында қалады.

### Қосу/Ажырату

Үнділік функциясын қосуды немесе ажыратуды қаласаңыз, **Отжим (Айналдыру)** және **Опция (Параметр)** түймешіктерін 3 секунд қатар басыңыз. Бұл функция қосылған кезде, "Үнділікті ажырату" жазуы жанады.



# кір жуу

## Кешіктіріп аяқтау

Кір жуғыш машинаны, кір жууды кейін автоматты түрде аяқтау үшін, кешіктіріп аяқтау уақытын 3-тен бастап 19 сағат (1 сағаттық қадаммен) аралығында таңдауыңызға болады. Көрсетілген сағат мәні, жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.

1. Кір жуғыш машина параметрін жуылатын кірдің түріне қарай қолдан немесе автоматты түрде орнатыңыз.
2. Кешіктіру уақыты орнатылғанша **Отложить старт (Кешіктіріп аяқтау)** түймешігін қайта-қайта басыңыз.
3. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз. "**Отложить старт (Кешіктіріп аяқтау)**" (Кешіктіріп аяқтау) индикаторы жанады да, сағат орнатылған уақытқа жету үшін кері санақты бастайды.
4. Кешіктіру параметрін біржола тоқтату үшін, **Вкл. (Қуат)** түймешігін қайта басыңыз да, содан кейін кір жуғыш машинаны қайта қосыңыз.

## Таңдаулы цикл

Кірді қалаған параметрді (температура, айналдыру, кірдің деңгейі т.с.с.) бір түймешікті басып таңдау арқылы орнатуға арналған.

**Моя программа (Таңдаулы цикл)** түймешігін басып арқылы, Таңдаулы цикл түймешігін басып кірді салыңыз және сақталған Таңдаулы цикл параметрлерін қолданыңыз. Функция қосылғанда "**Моя программа (Таңдаулы цикл)**" жанады. Сонымен қатар, таңдалған цикл және параметр шамы жыпылықтайды.

Таңдаулы цикл режимінде, барлық параметрлерді келесі жолмен орнатуға болады.

1. Суды қосыңыз.
2. **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Циклді **Цикл таңдау** тетігі арқылы таңдаңыз.
4. Циклді таңдап болғаннан кейін әр параметрді орнатыңыз.



39-шы беттегі "Цикл кестесінен", әр циклге сай келетін параметрлерді қараңыз.

5. Содан кейін таңдалған цикл мен параметрлерді **Моя программа (Таңдаулы цикл)** түймешігін, Таңдаулы цикл режимінде 3 секундтан артық басып тұру арқылы сақтауыңызға болады. Сіз таңдаған цикл мен параметрлер келесі жолы Таңдаулы цикл функциясын таңдаған кезде көрсетіледі.



Таңдаулы цикл параметрлерін жоғарыда көрсетілген әрекеттерді қайталау арқылы өзгертуіңізге болады.

Ең соңғы пайдаланылған параметр, келесі жолы Таңдаулы цикл функциясын қолданған кезде көрсетіледі.



Егер Таңдаулы цикл түймешігін басып, 3 секунд ішінде жіберсеңіз, алдыңғы сақталған цикл мен параметрлер көрсетіледі. Егер Таңдаулы цикл түймешігін басып 3 секунд немесе одан көп бассаңыз, ағымдық орнатылған цикл мен параметрлер сақталады да, LED шамы 3 секунд жыпылықтайды.

## Эко көпіршік функциясы

Эко көпіршік жүйесі жуғыш заттарды біркелкі таратып, матаға тез және терең сіңуіне көмектеседі.

- Көпіршік функциясы Eco Drum Clean циклінен басқа циклдердің барлығында бар, оны төменнен қарауға болады.


Цикл	Көпіршік функциясы	Көпіршік функциясын біржола тоқтату
Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Джинсы (Джинс), Постельное белье (Төсек жабдығы), Темные вещи (Баран киімдер), Ежедневная стирка (Күнделікті жуу)	Бар	Бар
Интенсивная Есо (Супер Эко жуу), Верхняя одежда (Сырт киімге күтім көрсету), Детские вещи (Балаға арналған), Стирка шерсти (Жүн мата), Ручная стирка (Қолмен жуу)		Жоқ
Очистка барабана Есо (Эко Таза Барабан)	Жоқ	-

- Цикл түріне қарай әр түрлі көпіршік функциясын қолдануға болады.

- Eco Bubble функциясы әдетте таңдалып тұрады. Көпіршік функциясын таңдамау үшін бір рет басыңыз, таңдау үшін қайта басыңыз.

1. Есікті ашыңыз да, кірді барабанға салып, есікті жабыңыз.
2. **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Функцияны таңдаңыз.
4. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты тиісті үлестіргіштерге, кірдің түріне қарай отырып қажетті мөлшерде салыңыз да, жуғыш зат үлестіргішті жабыңыз.

- Жуғыш зат үлестіргішке жуғыш заттан қажетті мөлшерде салыңыз да, ①, мата жұмсартқышқа арналған бөлікке ② (MAX) - "A") таңбаламасына сәл жеткізбей мата жұмсартқыштан салыңыз.
- Алдын ала жуу циклі таңдалған кезде, алдын ала жуу ① үлестіргішіне де жуғыш заттан салыңыз.
- Сұйық жуғыш затты қолдану үшін, сұйық жуғыш затқа арналған қорапша суырмада ("Сұйық жуғыш зат" - 31-ші бетте) тұрсын.



- Сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаға ұнтақ жуғыштарды салмаңыз.

5. Start/Pause (Бастау/Үзіліс) түймешігін басыңыз.

- Жууды бастау үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.
- Жуылатын кірдің мөлшері автоматты түрде анықталады да, кір жуылады.
- Кір жуғыш машина жұмыс істей бастағаннан кейін, көпіршік функциясын таңдау және қосу мүмкін емес.


- Жуғыш зат көрсетілген мөлшерде қолданылғанда, көпіршік тиісті көлемде пайда болады.
- Қоқыс сүзгісін уақытылы тазалаңыз. Уақытылы тазалағанда көпіршік жеткілікті мөлшерде пайда болады.
- Жуғыш зат пен кірдің түріне қарай, көпіршіктер сіңіп кетіп, аз тәрізді көрінуі мүмкін.
- Сондай-ақ, жуу басталғаннан кейін де көпіршіктер пайда болады және оларды көру үшін бірнеше минут қажет болуы мүмкін.

# кір жуу

## Киімдерді цикл таңдау тетігін қолданып жуу

Жаңа кір жуғыш машинаңыз кір жууды Samsung "Кездейсоқ басқару" автоматты басқару жүйесін қолдану арқылы жеңілдетеді. Жуу бағдарламасын таңдаған кезде, машина дұрыс температураны, жуу уақытын және жуу жылдамдығын орнатады.

1. Раковинадағы су шүмегін ашыңыз.
2. **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Есікті ашыңыз.
4. Заттарды барабанға бір-бірден, қатты толтырмай салыңыз.
5. Есікті жабыңыз.
6. Жуғыш затты, жұмсартқышты және алдын ала жуғыш затты (егер қажет болса) тиісті үлестіргіштерге салыңыз.


 Алдын ала жуу циклі тек Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Джинсы (Джинс), Постельное белье (Төсек жабдығы), Темные вещи (Баран киімдер), Ежедневная стирка (Күнделікті жуу), Интенсивная Есо (Супер Эко жуу), Детские вещи (Балаға арналған) циклдерде ғана жұмыс істейді. Бұл цикл кір қатты кірлеген кезде ғана қажет.

7. Тиісті циклді матаның түріне қарай таңдау үшін **Цикл таңдау** тетігін қолданыңыз: Хлопок (Мақта мата), Синтетика (Синтетика), Джинсы (Джинс), Постельное белье (Төсек жабдығы), Темные вещи (Баран киімдер), Ежедневная стирка (Күнделікті жуу), Интенсивная Есо (Супер Эко жуу), Верхняя одежда (Сырт киімге күтім көрсету), Детские вещи (Балаға арналған), Стирка шерсти (Жүн мата), Ручная стирка (Қолмен жуу). Басқару панелінде тиісті индикаторлар жанады.
8. Осы кезде жуу температурасын, шаю мөлшерін, айналдыру жылдамдығын және кешіктіріп бастау параметрлерін, тиісті параметр түймешігін басып реттеуге болады.
9. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз, кір жуыла бастайды. Үрдіс индикаторы жанады да, бейнебетте циклдің соңына дейін қалған уақыт пайда болады.

### Үзіліс параметрі

Жуу басталғаннан кейін 5 минут ішінде, кірді қосып салуға/алуға болады.

1. Есіктің бекітпесін ашу үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

 Су өте ЫСТЫҚ болған кезде немесе судың деңгейі өте ЖОҒАРЫ болған кезде есікті ашу мүмкін емес.

2. Есікті жапқаннан кейін, кір жууды бастау үшін **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.

### Цикл аяқталған кезде:

Цикл толығымен аяқталған кезде, қуат автоматты түрде сөнеді.

1. Есікті ашыңыз.
2. Кірді алыңыз.

## Кірді қолмен жуу

Кірді Цикл таңдау тетігін қолданбай қолдан жууға болады.

1. Суды қосыңыз.
2. Кір жуғыш машинадағы **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
3. Есікті ашыңыз.
4. Заттарды барабанға бір-бірден, қатты толтырмай салыңыз.
5. Есікті жабыңыз.
6. Жуғыш затты, қажет болса жұмсартқыш немесе алдын ала жуғыш затты тиісті үлестіргішке салыңыз.
7. Температураны таңдау үшін **Температура (Темп.)** түймешігін басыңыз. (Суық су, 20 °C, 30 °C, 40 °C, 60 °C, 95 °C)
8. Шаю циклінің санын **Полоскание (Шаю)** түймешігін басып таңдаңыз. Ең көбі бес шаю циклін қосуға болады. Жуу циклінің ұзақтығы сәйкесінше ұзарады.
9. Айналдыру жылдамдығын таңдау үшін **Отжим (Айналдыру)** түймешігін басыңыз. (⊗: Айналдырмау)
10. **Отложить старт (Кешіктіріп аяқтау)** түймешігін, Кешіктіру параметрлерін (3 сағаттан бастап 19 дейін, бір сағаттық қадаммен қойылады) қою үшін қайта-қайта басыңыз. Көрсетілген сағат мәні, жуу циклінің аяқталу уақытын білдіреді.
11. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз, цикл басталады.

## КІР ЖУУ ТУРАЛЫ КЕҢЕС

Кірді барынша таза жуу, әрі кір жуу үрдісі барынша оңтайлы болуы үшін мына қарапайым нұсқауларды орындаңыз.

 Киімді жуар алдында әрқашан затбелгісін тексеріңіз.

### Кірді төмендегі белгілері бойынша сұрыптап жуыңыз:

- Затбелгі: Кірді мақта мата, аралас мата, синтетика, жібек мата, жүн мата және жасанды талшық бойынша сұрыптаңыз.
- Түсі: Ақ және түрлі-түсті етіп бөліңіз. Жаңа, түрлі-түсті заттарды жеке жуыңыз.
- Көлемі: Үлкендіктері әр түрлі заттарды бірге жуғанда, жуу үрдісі жақсара түседі.
- Нәзіктік: Нәзік матадан жасалған заттарды, таза, жаңа жүн заттарға арналған, перде және жібек матаға арналған Баппен жуу циклін қолданып жеке жуыңыз. Жуылатын заттардың затбелгісін тексеріңіз немесе қосымшада берілген матаға күтім көрсету кестесін қараңыз.

### Қалталарды босату

Жуу циклін бастамай тұрып, киімдердің барлық қалталарын босату керек. Кішкене, пішімі бірегей емес, тиын, пышақ, түйреуіш және қағаз қыстырғыш тәрізді заттар кір жуғыш машинаға нұқсан келтіруі мүмкін. Үлкен қапсырмасы, түймелері бар немесе ауыр темір зат тағылған киімдерді жумаңыз.

Киімге тағылған темір зат киімді, сондай-ақ барабанды бүлдіруі мүмкін. Түймелері бар және жиектері көмкерілген киімдердің астарын, жумай тұрып сыртына аударыңыз. Егер шалбарлардың немесе күртшелердің тартпалары жуған кезде ашық тұрса, барабан бүлінуі мүмкін. Тартпаларды жумай тұрып салып, баумен бекіту керек.

Ұзын бауы бар киімдер басқа киімдерге байланып қалып, оларды бүлдіруі мүмкін. Киімнің бауларын жумай тұрып байлаңыз.

### Мақта матаны алдын ала жуу





Жаңа кір жуғыш машинаңыз, соңғы заманғы жуғыш заттарды қолданғанда қуатты, уақытты, су мен жуғыш затты үнемдей отырып, тамаша жуу нәтижесіне жетуге көмектеседі. Дегенмен, мақта мата қатты кірлеген жағдайда, протеин негізінде жасалған жуғыш затпен алдын ала жуыңыз.

# кір жуу

## Кірдің салынатын мөлшерін анықтау

Кір жуғыш машинаға өте көп кір салмаңыз, кір дұрыс жуылмай қалуы мүмкін. Қай кірді қанша мөлшерде салуға болатындығын төмендегі кестеге қарап анықтаңыз.


Матаның түрі	Кірдің салынатын мөлшері
Үлгі	WF1124
<b>Хлопок (Мақта мата)</b> - орташа/шамалы кірлеген - қатты кірлеген	12,0 кг
<b>Синтетика (Синтетика)</b>	5,0 кг
<b>Джинсы (Джинс)</b>	3,0 кг
<b>Постельное белье (Төсек жабдығы)</b>	2,5 кг
<b>Верхняя одежда (Сырт киімге күтім көрсету)</b>	2,0 кг
<b>Стирка шерсти (Жүн мата)</b>	2,0 кг

-  Кірдің теңгерімі дұрыс болмаса (бейнебетте "UE" жанады) қайта таратып салыңыз. Егер кірдің теңгерімі дұрыс болмаса, айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін.
  - Төсек жабдығын немесе төсек жапқышты жуған кезде, жуу уақыты ұзаруы немесе айналдыру тиімділігі төмендеуі мүмкін.
  - Төсек жабдығын немесе төсек жапқышты жуғанда, 2,5 кг не одан аз етіп салуды ұсынамыз.
-  **Төс тартқышты (сумен жуылатын) кір жууға арналған торға (жеке сатылады) салыңыз.**
- Төс тартқыштың темір бөліктері матаны тесіп, оны бүлдіруі мүмкін. Сондықтан да, оларды киім жууға арналған торға салуды ұмытпаңыз.
  - Нәски, қолғап, беторамал тәрізді кішкене, жеңіл заттар есіктің арасына қыстырылып қалуы мүмкін. Оларды кір жууға арналған торға салыңыз.
-  Кір жууға арналған торды кір салмай жумаңыз. Себебі машина қалыптан тыс дірілдеп, орнынан жылжып, оқыс жағдай орын алуы немесе адам жарақаттануы мүмкін.
- 

## ЖУҒЫШ ЗАТ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ЗАТТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

### Қолдануға болатын жуғыш заттар

Қолдануға болатын жуғыш затты матаның түріне (мақта мата, синтетика, нәзік мата, жүн мата), түсіне, жуу температурасына, кірдің деңгейіне қарап анықтау керек. Өрқашан автомат кір жуғыштарға арналған "аз көпіршитін" жуғыш заттарды қолданыңыз. Жуғыш затты өндіруші нұсқауларын кірдің салмағын, қаншалықты кірлегенін, аймағыңыздағы судың кермектігін ескере отырып орындаңыз. Егер қолданылатын судың қаншалықты кермек екенін білмесеңіз, жергілікті су мекемесіне хабарласыңыз.


-  Қатып қалған жуғыш затты қолданбаңыз, шаю циклі кезінде қалып қоюы мүмкін. Кір жуғыш машинаның шаю цикліне кедергі келтіруі немесе түтіктерді бітеуі мүмкін.




## Жуғыш зат үлестіргіш



Кір жуғыш машинаңыздың жуғыш зат пен мата жұмсартқышқа арналған жеке-жеке үлестіргіштері бар. Кірге арналған қоспаларды, кір жуғыш машинаны іске қоспай тұрып тиісті үлестіргіштерге салыңыз.




 Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрғанда жуғыш зат үлестіргішті ашпаңыз, ыстық су немесе бу шалып кетуі мүмкін.


1. Басқару панелінің сол жағында орналасқан жуғыш зат үлестіргішін тартып шығарыңыз.
2. Жуғыш затты жуғыш зат үлестіргішке  кір жуғыш машинаны іске қоспай тұрып, ұсынылған мөлшерде салыңыз.


 Сұйық жуғыш затты қолдану үшін сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаны (тиісті үлгінің "Сұйық жуғыш зат" тарауын қараңыз) қолданыңыз.


• Сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаға ұнтақ жуғыштарды салмаңыз.

3. Егер қажет болса, мата жұмсартқышқа арналған үлестіргішке  мата жұмсартқышты ұсынылған мөлшерде құйыңыз. MAX FILL  сызығынан асырмаңыз.


 Мата жұмсартқышқа арналған үлестіргішке ешқандай **АБАЙ БОЛЫҢЫЗ**  ұнтақ/сұйық жуғыш зат ҚҰЙМАҢЫЗ .






4. Алдын ала жуу параметрін қолданған кезде жуғыш затты алдын ала жуу қорапшасына  ұсынылған мөлшерде салыңыз.

 Үлкен заттарды жуғанда келесі жуғыш заттарды ҚОЛДАНБАҢЫЗ.

- Таблетка және капсул ішіндегі жуғыш заттар
- Шарик немесе торға салынатын жуғыш заттар

 Концентрацияланған немесе қою мата жұмсартқыштарды және кондиционерді қолданар алдында, үлестіргішке құймай тұрып аздаған су қосып сұйылтып алыңыз (түтікше бітеліп қалмас үшін).

 Абай болыңыз, мата жұмсартқыш, үлестіргішті жауып, мата жұмсартқышты шаю цикліне арналған қорапшаға салғанда ақпайды.



## Сұйық жуғыш зат (кей үлгілерде)

Сұйық жуғыш затты қолдану үшін, сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаны жуғыш зат үлестіргіштің негізгі циклге арналған бөлігіне қойыңыз да, сұйық жуғыш затты сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаға құйыңыз.

 • MAX сызығынан АСЫРМАҢЫЗ.

- Ұнтақ жуғыш затты қолданғанда, сұйық жуғыш затқа арналған қорапшаны жуғыш зат үлестіргіштен алыңыз. Ұнтақ жуғыш зат сұйық жуғыш затқа арналған қорапшада ерімейді.
- Жуып болғаннан кейін жуғыш зат қорапшасында аздаған сұйық жуғыш зат қалуы мүмкін.



# кір жуғыш машинаны тазалау және оған күтім көрсету

Кір жуғыш машинаны таза ұстаған кезде жақсы жұмыс жасайды, жөндеу жұмыстарының алдын алады, құрылғының қолданыс мерзімі ұзарады.


## ЭКО БАРАБАН ТАЗАЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫ


Бұл өздігінен тазалауға арналған, кір жуғыш машина ішінде қалып қоюы мүмкін зеңді тазалайтын цикл.

1. **Вкл. (Қуат)** түймешігін басыңыз.
2. **Цикл таңдау** тетігін ECO Drum Clean режиміне қойыңыз.
  - Тек Кешіктіріп аяқтау функциясын қолдануыңызға болады.
  - ECO Drum Clean циклі кезінде судың температурасы 70°С қалпына қойылады.




Температураны өзгерте алмайсыз.



3. Шайғыш затты қажетті мөлшерде жуғыш зат үлестіргішке  салыңыз да, жуғыш зат үлестіргішті (барабанды шайғыш затты қолданып тазалағанда) жабыңыз.

- Барабанды шаю үшін ұсынылған шайғыш затты ғана қолдануды ұмытпаңыз.
- Барабанды шаюға арналған ұнтақ заттар мен сұйық шайғыштар болады. Сұйық шайғыш затты тек сұйық жуғыш затқа арналған қорапша бар болса ғана қолдануға болады (опция).




4. **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін басыңыз.
  - Егер **Старт/Пауза (Бастау/Үзіліс)** түймешігін бассаңыз, ECO Drum Clean циклі басталады.



- ECO Drum Clean циклін қолданып, барабанды шайғыш затсыз тазалауға болады.
- Кір жуғыш машинада кір тұрған кезде ECO Drum Clean циклін ешқашан қолданбаңыз. Киімді немесе кір жуғыш машинаны бүлдіруі мүмкін.
- **ECO Drum Clean циклі үшін ешқашан әдеттегі жуғыш затты қолданбаңыз.**
- **Шайғыш затты өндірушінің нұсқауына сай тек 1/10 барабан шайғыш затты қолданыңыз.**
- Хлорлы ағартқыш заттарды қолданғанда құрылғының өңі кетіп қалуы мүмкін болғандықтан, тек оттегілі ағартқыш заттарды ғана қолданыңыз.
- Ұнтақ шайғыш зат: [Барабанды тазалау үшін тек ұнтақ ағартқышты] немесе [шайғыш затты қолданыңыз].
- Сұйық шайғыш зат: [Барабанды тазалау үшін тек оттегілі, сұйық ағартқышты] немесе [шайғыш затты қолданыңыз].


### ECO Drum Clean Автоматты ескерту функциясы

- Жуып болғаннан кейін бейнебетте "ECO Drum Clean" индикаторы көрсетіліп, Цикл таңдау тетігінің шамы жанып тұрса, бұл барабанды тазалау қажет дегенді ескертеді. Бұндай кезде, кір жуғыш машинадағы кірді алыңыз да, қуатты қосып, барабанды ECO Drum Clean циклі арқылы тазалаңыз.
- Егер ECO Drum Clean циклін орындамасаңыз, бейнебеттегі "ECO Drum Clean" индикаторы мен Цикл таңдау тетігінің шамы сөнөді. Дегенмен, бейнебеттегі "ECO Drum Clean" индикаторы мен Цикл таңдау тетігінің шамы, екі рет кір жуғаннан кейін қайта қосылады. Дегенмен, бұл кір жуғыш машинаға қатысты ешбір мәселе тудырмайды.
- Сонымен қатар, ECO Drum Clean Автоматты ескерту сигналы айына бір рет көрсетіліп тұрады, бұның көрсетілуі кір жуғыш машинаның қанша рет қолданылғанына байланысты.
- Егер ескерту сигналы көрсетілсе, қоқыс сүзгісін де қоса тазалаңыз (34-ші беттегі "Қоқыс сүзгісін тазалау" тарауын қараңыз). Әйтпесе, көпіршік функциясының жұмыс қарқыны төмендеуі мүмкін.




## КІР ЖУҒЫШ МАШИНА СУЫН ТОСЫН ЖАҒДАЙДА ТӨГУ


1. Кір жуғыш машинаны тоқтан ажыратыңыз.
2. Сүзгінің қақпағын тұтқасын басып тұрып тарту арқылы алыңыз.



3. Суды тосын жағдайда төгу түтігінің қақпағын тартып алыңыз.



4. Суды тосын жағдайда төгу түтігінің қақпағын ұстап тұрып, ақырындап тартып шығарыңыз.
5. Барлық суды шараға құйыңыз.
- Қалған судың көлемі сіз күткендегіден көп болуы мүмкін. Үлкенірек тегеш дайындаңыз.
6. Тосын жағдайда су төгуге арналған түтік пен қақпақты орындарына қойыңыз.
7. Сүзгінің қақпағын қайта салыңыз.



# кір жуғыш машинаны тазалау және оған күтім көрсету

## ҚОҚЫС СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ



Қоқыс сүзгісін жылына 5 не 6 рет немесе "5E" жазуы көрсетілген кезде тазалауды ұсынамыз. (Алдыңғы бөлімдегі "Кір жуғыш машина суын тосын жағдайда төгу" тармағын қараңыз.)

Егер қоқыс сүзгісіне бөгде заттар жиналып қалса, көпіршік функциясының жұмыс жасау қарқыны төмендеуі мүмкін.



Қоқыс сүзгісін тазалар алдында қорек сымын ағытуды ұмытпаңыз.

1. Алдымен қалған суды төгіңіз (33-ші беттегі "Кір жуғыш машина суын тосын жағдайда төгу" тармағын қараңыз.)
2. Егер қалған суды төкпей тұрып сүзгіні алсаңыз, қалған су төгіліп қалуы мүмкін.
3. Сүзгінің қақпағын кілтті немесе тиынды қолданып ашыңыз.
